

«6D020600- Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Сарсембаев Руслан Меиржановичтің «Қазіргі замандағы діни плюрализм жағдайындағы ислам» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШҚІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) <u>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>"Мәңгілік ел" ғылыми негіздері (XXI ғасырдағы білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер)</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының "Мәңгілік ел" ғылыми негіздері (XXI ғасырдағы білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер) атты басым бағытына сәйкес.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<u>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</u>	Диссертация қазақстандық діни плюрализм жағдайындағы исламдық діндарлық пен лоялдылықты зерттеу бағытында елеулі үлесін қосады. Ең бастысы зерттеу жұмысы діни плюрализмнің теориялық негіздерін жүйелі түрде қалыптастырып, сонымен қатар, Қазақстан кеңістігіндегі сипатын білдіруге үлесін тигізді. Осыдан бөлек, автор зерттеу барысында қазақстандық діни плюрализм жағдайына исламдық лоялдылықтың ахуалын түсінуге мүмкіндік жасады. Диссертациялық жұмыстың маңыздылығы толығымен ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған</p>	Автордың өзі жазуының деңгейі жоғары. Бұл автордың ерекше логикада зерттеу мақсатына бағытталуынан айқын көрінеді. Әрбір бөлім аясында автор өзінің тәсілімен зерттей келе, ғалымдардың тұжырымдарына орынды сілтеме жасаған. Автордың өзіндік зерттеу лебі әсіресе діни плюрализм жағдайындағы исламдық діндарлықты және лоялдылықты талдауда айқын ерекшеленеді.
4.	Ішкі бірлік	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі қазіргі қазақстандық

принципі	<p>1) <u>негізделген</u>;</p> <p>2) жартылай негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	<p>зерттеулердің шеңберінде және соңғы жылдардағы діни ахуал көрінісінде негізделген. Диссертацияның негізгі мақсаты діни саладағы мемлекеттік саясатты оңтайландыруға септігін тигізуге бағытталған.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) <u>айқындайды</u>;</p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды</p>	<p>Диссертация мазмұны тақырыптың аясын қамтиды. Зерттеу жұмысының бірінші бөлімі діни плюрализмнің теориялық-әдіснамалық негіздерін сипаттауға бағытталған. Екінші бөлімі тұжырымдамалық деңгейде діни плюрализм мен исламның үйлесімділігін талдауға арналған. Үшінші бөлім Қазақстан және шетел мемлекеттерінің гетерогенді діни плюрализм жағдайындағы исламдық діндарлықты және лоялдылықты зерттеуге көзделген. Ғылыми жұмыс аясындағы шешімдер мен қағидаттар тақырыптың мазмұны көлемінде шығарылған.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді</u>;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертация мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Автор мақсат ретінде қазіргі Қазақстанның және басқа мемлекеттердің құқықтық-саяси, әлеуметтік-мәдени шынайылығынан туындаған діни плюрализмнің сипатын, тарихи көрінісін, тұжырымдамалық дәрежеде исламмен үйлесімділігін, оның кеңістігінде исламдық діндарлық пен лоялдылық көрінісін зерттеуді негізге алған. Бұл қойылған мақсаттың көлемінен негізгі міндеттер қалыптастырылған. Жалпы диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыпқа сәйкес анықталған.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан</u>;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертация үш бөлімнен және алты тараудан тұрады. Алғашқы бөлім жалпы діни плюрализмнің теориялық негіздерін анықтауға бағытталса, екінші бөлім діни плюрализм мен исламның үйлесімділігін тұжырымдамалық деңгейде анықтауға арналған. Енді үшінші бөлім Қазақстан және шетел мемлекеттерінің әлеуметтік-мәдени және саяси-құқықтық шынайылығынан туындаған гетерогенді діни плюрализм жағдайындағы исламдық діндарлықты және лоялдылықты талдауға бағдарланған.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар</u>;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Автор диссертация көлемінде жасаған жаңа шешімдері ғалымдардың идеяларын және эмпирикалық дереккөздерді сыни талдау арқылы дәлелдеген. Бұл жағдайдың айқын көрінісі бірнеше тараудың кеңістігінде білінеді. Бірінші тарауда автор ғалымдардың идеяларын талдай келе діни плюрализмнің өзектенуіне кешенді негіздердің алғышарт болғанын атап өтті. Екінші тарауда, автор ғалымдардың тұжырымдарын саралау нәтижесінде діни плюрализм ұғымына байланысты аспектішілік және аспектаралық келіспеушіліктердің туындағанын атап өткен. Автор діни плюрализм ұғымының кең мағынада түсінілу бойынша өз позициясын</p>

			білдірген. Үшінші бөлімде диссертант қазақстандық діни плюрализм жағдайына исламдық лоялдылықтың қалыптасуы жолында мемлекеттік саясаттың және тарихи факторлардың ықпалы бойынша жаңа шешімдерін отандық ғалымдардың шешімдерімен салыстырып жасаған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстағы нәтижелер мен қағидаттар көп жағдайда жаңа болып табылады. Бірақ автор Қазақстандағы этнодіни плюрализмнің көрінісіне қатысты нәтижелері бұрынғы авторлардың тұжырымдарын құптаушы болып табылады. Осыған байланысты зерттеу барысындағы автордың кейбір қағидаттары жартылай жаңа саналады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның кейбір қорытындылары жартылай жаңа болып табылады. Бірақ автор осы қорытындыларды өзіндік тәсілмен шығарған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертация гуманитарлық-әлеуметтік бағытта орындалғанына орай техникалық, технологиялық, экономикалық, басқару саласымен жанаспайды. Бірақ автордың алға қойған мақсаты өзгеше орындалуына байланысты тәсілдік жағынан «толығымен жаңа» деп санауға келеді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<u>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан карағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</u>	Диссертацияда түйінделген қорытындылар әрбір тараудың көлеміндегі жасалған ауқымды дәлелдемелерге негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия;	Диссертация көлемінде автор негізгі алты қағидатты айқындаған. Бұл қағидаттар әрбір тараудағы зерттеу жұмысының нәтижесінен туындаған. Әрбір қағидат тривиалды емес саналады. Автор қағидаттарды ерекше тәсілдік көріністе және жан жақты қырынан қалыптастырды. Диссертант жұмысындағы қағидаттар жаңа болып табылады. Мысалы, Әлеуметтік-саяси ортадағы діни плюрализмнің әртүрлі жағдайларында, соның ішінде қоғамның басымшылығы немесе азшылығы мұсылман саналатынына, зайырлы немесе ресми діни бар мемлекеттік жүйенің болуына, либералды немесе либералды

		<p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>емес діндерге мемлекеттік шектеу қоюына байланысты көрінісінде исламдық діндарлықтың деңгейі мен сенім негіздеріне қатысты сандық көрсеткіштері және лоялдылықтың сипаты, оған әсер етуші негізгі факторлары зерттелді. Бұл тұста біз қағидаттың жаңа қырынан көрініс табуымен ерекшеленеді. Бұндай жағдай басқа қағидаттарда орын алады.</p> <p>Қағидаттардың қолданылу деңгейі орташа ретінде бағаланады. Қағидаттар дінтану, исламтану және діни философия саласында теориялық білім ретінде маңыздылық танытады. Сонымен қатар, дін саласындағы құзырлы органдардың жұмысына нұсқаулық ретінде септігін тигізеді.</p> <p>Диссертацияда көрсетілген қағидаттар ғылыми жариялымдар ауқымында дәлелденген. Автордың ҚР БҒМ Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдар тізімі және SCOPUS базасына кіретін жариялымдардағы шыққан мақалаларында қағидаттарға дәлелдер келтірілген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыста әдістемелік таңдау негізделген. Мысалы, автор діни плюрализмнің теориялық негіздерін зерттеуде, немесе діни плюрализм мен исламның тұжырымдамалық деңгейдегі үйлесімділігін талдауда пәнаралық деңгейге шығуы, олардың арасындағы ортақтықты қамтамасыз ететін алетикалық-эпистемиологиялық, нормативтік, сатериологиялық, мазмұндаушылық аспектілерді ерекшелеуі орынды келеді. Сол сияқты шетел мемлекеттерінің әлеуметтік-мәдени, құқықтық саяси шынайылығынан туындаған гетерогенді діни плюрализм жағдайындағы исламдық діндарлықты және лоялдылықты зерттеуде эмпирикалық дереккөздерге кросс-мәдени, диахронды, компаративистикалық талдау жүргізуі негізделген саналады.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертацияда эмпирикалық мәліметтерде талдауда жаңа компьютерлік бағдарламалар қолданылған. Мысалы эмпирикалық көрсеткіштердің жалпы көрінісін білдіруде және интерпретациялауда жаңа бағдарламалық әдістемелер пайдаланылған.</p>
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен</p>	<p>Диссертациядағы теориялық қорытындылардың негізінде эмпирикалық мәліметтерді жүйелеуге және шынайы әлеуметтік көріністегі діни плюрализм жағдайындағы исламдық діндарлықтың және лоялдылықтың</p>

		<p>дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>ахуалын сипаттауға мүмкіндік тапқан. Диссертация көлемінде теориялық және эмпирикалық деңгейдегі нәтижелердің бір-бірімен байланыстылығы байқалады.</p>
		<p>8.4 <u>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</u></p>	<p>Автор зерттеу барысында мүмкіндігінше шетелдік, ресейлік және қазақстандық ғалымдардың мәліметтерін және эмпирикалық дереккөздердің мәліметтерін талдау арқылы маңызды мәлімдемелер жасаған. Бұл әрбір тараудағы маңызды мәлімдемелердің кеңістігіндегі сілтемелерден анық көрінеді.</p>
		<p>8.5 <u>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</u></p>	<p>Автор зерттеу аясында үш жүзен аса әдебиеттерді қарастырған. Бұл әдебиеттер зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға әбден жеткілікті.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы жоғары болып табылады. Себебі Қазақстандық ғалымдар діни плюрализм феноменін әлі толыққанды, жүйелі зерттемеген. Автор зерттеу барысында діни плюрализмді және оның контекстіндегі исламдық діндарлықтың тұжырымдамалық деңгейдегі үйлесімдігін бірнеше аспектілердің аясында қарастырған. Диссертациядағы қалыптастырылған теориялық білім жоғары оқу орындарында діни философия, дінтану негіздері, дін әлеуметтануы, исламтану бағыттарында өзекті келеді.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертацияда алынған нәтижелер дәріс материалдары ретінде дінтану, исламтану мамандықтарына пайдасын әкеледі. Сонымен қатар, диссертациядағы ұсыныстар дін саласындағы құзырлы органдардың жұмысына нұсқаулық ретінде септігін тигізеді.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u></p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертация қорытындысында жасалған практикалық ұсыныстар жартылай жаңа болып табылады. Діни плюрализмді қалыптастыру бағытындағы нормативтік-құқықтық тармақтағы ұсыныстары жаңа саналады. Бірақ, интернет желісіндегі мемлекеттік саясатты оңтайландыру бойынша ұсыныстары ғылыми дискурста таныс болып табылады. Осы орайда жалпы автордың практикалық ұсыныстары жартылай жаңа келеді.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p>	<p>Диссертацияны жазудағы академиялық сапа жоғары болып табылады. Автор теориялық және эмпирикалық мәліметтерді талдауда ғылымда мойындалған әдіснамаға сүйене отырып, ғылыми стильде баяндаған. Диссертациялық мәтін ғылыми нормаларға сәйкес жазылған.</p>

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

- 1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантка диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензент:

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасы, философия ғылымдарының докторы, профессор



Д. Құсайынов
(қолы)

Құсайынов Дәуренбек Өмірбекұлы
(Аты-жөні)